## Су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 144/18-III шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 20 маусымда N 393 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 286/42-IV Шешімімен.

*Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.12.21* N 286/42-IV *Шешімімен.*

---

Астана қаласы әкімдігінің ұсынған материалдарын қарап, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 454-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы бойынша су ресурстарын үстіңгі көздерден пайдалануға төлем ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Астана қаласының мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы*

Келісілген:

*Астана қаласының табиғи ресурстарын және табиғатты қолдануды реттеу басқармасының бастығы*

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 144/18-III шешімімен бекітілген

**Беткі көздерден шығатын су ресурстарын пайдалануға арналған төлем мөлшерлемелері**

| \ Суды \ пайда- ланудың | Тұрғын үйді пайда- | Өнер- кәсіп, оған | Ауыл шаруа- шылы- | Су көз- дерінен шығатын | Балық шаруашылы ғы, су | Гидро- энерге тика, | Су көлігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| \ арнайы \түрлері \ \ \ \ \ \ Өзендер \ алабтары \ | лану және комму-налдық қызмет тер теңге/ текше метр | қоса жылу энер-гиясы теңге/ текше метр | ғы, теңге/ текше метр | дуалдар ды жүзе ге асы-ратын тоған шаруашы лығы, теңге/ куб.м | көздерін-де балық-тарды шы-ғаратын тұтынушы-лар, теңге/ тонна | теңге/ квт. сағ | теңге/ т.к.м |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Есіл өзенінің алабы | 0,036 | 0,1007 | 0,0288 | 0,0288 | 72,35 | 0,0101 | 0,0029 |
| 2. Нұра өзенінің алабы | 0,0403 | 0,1151 | 0,0331 | 0,0316 | 81,69 | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК